



# Одақ аясындағы ынтымақтастық тереңдей түспек



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бішкекте өткен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің (ЖЕЭК) кезекті отырысына қатысты.

**Бану ӘДІЛЖАН,**  
«Egemen Qazaqstan»

Саммитке Қазақстан Президентімен қатар Қырғызстан Президенті – ЖЕЭК төрағасы Садыр Жапаров, Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Ресей Президенті Владимир Путин, ЕАЭО жанындағы бақылаушы мемлекеттерден – Куба Президенті Мигель Диас-Канель, Өзбекстан Премьер-министрі Абдулла Арипов, ТМД Атқарушы комитетінің төрағасы – Атқарушы хатшысы Сергей Лебедев, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы Михаил Мясникович қатысты. Қасым-Жомарт Тоқаев ең алдымен қонақжайлық көрсеткені, отырысты жоғары деңгейде

ұйымдастырғаны үшін қырғыз тарапына және Садыр Жапаровтың жеке өзіне алғыс айтты. Мемлекет басшысы ЕАЭО-ға мүше елдердің президенттері желтоқсан айындағы кездесулерде дәстүрлі түрде бірлескен жұмысты қорытындылап, алдағы кезеңде атқаратын міндеттерді айқындайтынын атап өтті. – Біз бүгінде әлемдегі сауда-саттықты айтарлықтай шектейтін түрлі тыйымдар, квоталар мен баж салықтары енгізіліп жатқанын көріп отырмыз. ЕАЭО аясындағы ынтымақтастығымыз жаһандық үрдістерден ерекшеленетіні келешекке сенім ұялатады. Сыртқы факторлардың қысымына қарамастан, Қазақстанның ЕАЭО-ға мүше елдермен тауар айналымы биыл қантарқазан айларында 7 пайызға өсіп, 23 миллиард долларға жетті. Бірлескен

ауқымды жобалар жүзеге асырылып жатыр. Өзара есеп айырысуда ұлттық валюталардың үлесі артып келеді. Бұл өзара іс-әрекеттердің деңгейі жоғары және интеграциялық серіктестігіміздің әлеуеті мол екенін анық көрсетеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президенттің айтуынша, қазіргі геосаяси тұрақсыздық жағдайында ЕАЭО-ға мүше елдердің экономикалық байланыстарды сақтауы және нығайтуы, ортақ қағидаттар мен максаттар аясында сауда экономикалық қатынастарды дамыту үшін күш біріктіруі аса маңызды. Осыған орай Мемлекет басшысы бірқатар басым мәселені атап өтті. – Әлемдік инфляцияның елдеріміздің экономикасына кері әсерін азайту маңызды. Халықаралық ұйымдардың болжамдары көңіл көншітпейді. Халықаралық валюта қоры 2023 жылы әлемдік экономиканың өсіміне қатысты болжамды 2,7 пайызға дейін, Дүниежүзілік сауда ұйымы 1 пайызға дейін

төмендетті. Осыған орай Еуразиялық экономикалық комиссияның дерегі бойынша ЕАЭО-ға мүше елдердегі тұтыну бағасы өсіп келеді. Қазан айында Одақтағы инфляция деңгейі 11,5 пайызды құрады. Оның негізгі өсімі азық-түлік және азық-түлік емес тауарларға тиесілі. Мұның бәрі азаматтарымыздың сатып алу қабілеті мен әлеуметтік әл-ауқатына айтарлықтай әсер етеді. Белгілі санкциялық шектеулер ЕАЭО-ға мүше барлық мемлекеттің экономикасына қысым жасайтынын мойындау қажет. Сондықтан біздің пікірімізше, елдеріміздің комиссиялары мен үкіметтері бұл мәселеге ерекше назар аударып, аталған санкциялық шектеулердің әсерін жеңілдету жолдарын ұсынуы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президент халықаралық экономикалық ынтымақтастықты дамыту мәселесін екінші басымдық ретінде атап өтті.

(Соңы 2-бетте)

## 12 ЖЕЛТОҚСАН – АЛАШ КҮНІ Алаш биігі

Жалпы қазаққа ортақ сиез (түпнұсқада осылай) ұйымдастыру мәселесі ХХ ғасыр басынан ұлт қайраткерлерін толғандырып келді. Оны алғаш «Айқап», «Қазақ» басылымдарында Жиһанша Сейдалиев көтерді. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Барлыбек Сырттанұлы, Есенғали Қасаболатұлы сынды тұлғалардың 1913 жылы сиез жайында хаттары, мақалалары жарық көрді. Ол уақытта ортақ жиынды өткізудің әлі ерте екенін Әлихан Бөкейхан бірнеше мақаласында айтты. Осы кезде Алаш көсемі: «Болатын басқосудан қашпаймын, болмайтын басқосуға арамгер болмаймын, тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді. Қазаққа қызмет қылмай қоймаймын», деп жазды.

Бірінші жалпықазақ сиезі Орынбор қаласында 1917 жылдың 21-26 шілдесі аралығында өтті. Алты миллион Алаш атынан келген делегаттардың басын біріктірген бұл жиын халқымыз үшін тарихи белес болды. Ресей империясы құрамындағы қазақ халқы ұлттық мәселені көтеретін үлкен сиезді өткізе алмай келген еді. Бұл өзекті мәселе 1917 жылы ақпан айында патша тақтан тайғаннан кейін күн тәртібіне қайыра қойылды.

(Соңы 4-бетте)



Қаламжы жасағандар Қ.КЕМЕҢГЕР, А.СЫРЖАЙ

### РЕСМИ

#### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Е.Ж. Баспаев туралы

Ернар Жәнісұлы Баспаев Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары болып тағайындалсын, ол Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Етініштерді қарауды бақылау бөлімінің меңгерушісі лауазымынан босатылсын.

Қазақстан Республикасының Президенті  
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2022 жылғы 9 желтоқсан  
№ 53

#### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қ.Б. Жайсаңбаев туралы

Қанатбек Бақытұлы Жайсаңбаев Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Етініштерді қарауды бақылау бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалсын, ол Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Мемлекеттік бақылау және аумақтық-ұйымдастыру жұмысы бөлімінің меңгерушісі лауазымынан босатылсын.

Қазақстан Республикасының Президенті  
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2022 жылғы 9 желтоқсан  
№ 54

#### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

А.С. Көлгіновті тағайындау туралы

Алтай Сейдірұлы Көлгінов Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті  
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2022 жылғы 9 желтоқсан  
№ 55

### ТАҒАЙЫНДАУЛАР

#### Мемлекет басшысының жарлықтарымен:

Виктор Валерийұлы Темірбаев Қазақстан Республикасының Болгария Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі болып тағайындалды, ол Қазақстан Республикасының Литва Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі лауазымынан босатылды; Тимур Бейбітәліұлы Оразбаев Қазақстан Республикасының Литва Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі лауазымына тағайындалды; Қазақстан Республикасының Түркия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Еркебұлан Оңалбекұлы Сәпиев Қазақстан Республикасының Албания Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметін қоса атқарушы болып тағайындалды.

\*\*\*

Мемлекет басшысының өкімімен Ғабидулла Абдуллаұлы Оспанқұлов Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Мемлекеттік бақылау және аумақтық-ұйымдастыру жұмысы бөлімінің меңгерушісі лауазымына тағайындалды.

### ХРОНИКА

Мемлекет басшысының Жарлығымен Бауыржан Әлімұлы Мұхаметжанов Қазақстан Республикасының Грузиядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі лауазымынан босатылды.

\*\*\*

Мемлекет басшысының Жарлығымен Мәлік Кеңесбайұлы Мырзалин Қазақстан Республикасының Грузиядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі болып тағайындалды, ол Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары лауазымынан босатылды.

\*\*\*

Мемлекет басшысының Жарлығымен Теміртай Рымтайұлы Ізбастин Қазақстан Республикасының Болгария Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі лауазымынан босатылды.